

Жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндей келе, адвокаттың этика ерелерін орындауы кәсіби міндетін лайықты, білікті, тиімді орындауға және адвокатураның беделін арттыруға ықпалын тигізеді.

Адвокат әріптестеріне құрметпен қарауға, қалыпты өнегелік-психологиялық климатты қалыптастыруға, қажет болған жағдайда әріптестеріне кеңестік көмек беруге, енді жұмысын бастаған адвокаттарға көңіл бөлу, оларға өз білімдері және тәжірибелерімен көмектесуі тиіс.

Адвокаттардың іс-әрекеттері үшін қандай да бір жауапкершілік шаралары қолданылады. Ол тек құқықтық қана емес, сонымен қатар моральдық, ең алдымен өзінің ар-ожаны алдында, іріптестері, сенім білдіруші алдында жауапкершілігін білдіреді.

Сенім білдірушінің абыройы мен ар-намысын құрметтеу, сот және өзге де мемлекеттік органдарға құрметпен қарауы, адвокатура институтының беделін нығайтуға, азаматтар тарапынан ғана емес сонымен қатар мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың адвокатқа құрметпен қарауына ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адвокат: навыки профессионального мастерства / Под ред. Л.А. Воскобитовой, И.Н. Лукьяновой, Л.П. Михайловой. – М.: Волтерс Клувер, 2006. – 592 с.

2. Адвокаттардың кәсіптік әдеби кодексі 2014 жылғы 26 қыркүйектегі Адвокаттар алқасы делегаттарының екінші республикалық конференциясында бекітілген (2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап заңдық күшіне енген)

3. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000195>

4. Барщевский М.Ю. Адвокатская этика. – М. Профобразование, 2001. - 321 с.

5. Асанов, А. Адвокаттың кәсіби этикасы // Заң. - 2013. - №7. - С. 27-29.

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Мулькубаева Ш.Р., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы
Жақыпбаева Г.Д., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі таңда әлемде талап-арыздар интернет-ресурс арқылы берілетін, сот актілері мен сот отырыстарының аудио жазбасы немесе видео-хаттамаларымен танысу мүмкіндігі, елдер арасында қарқынды дамып келеді. Осындай мәселелерге байланысты қарастырылған «Төрелік» сот өндірісінде қолданылады.

Сот жүйесі сонау Ежелгі Рим және антикалық дәуірден тамыры жайылған өзінің дәстүрі қалыптасқан консервативті жүйе болып табылады. Егер АҚШ, Ресей және Еуропаның басқа да елдерінде сот жүйесіне ақпараттық технологияны XX ғасырдың 80 жылдары енгізе бастады.

Электронды сот өндірісін қолдану бойынша Оңтүстік Корея мемлекеті электронды үкімет интернет-бұлтты арқасында алдыңғы қатарда тұр. Мемлекеттің басты дамуы-ұялы технологиясын жетілдіруінде. Оңтүстік Корея үкіметі мемлекеттік қызметтерді мейілінше ұялы құралдар арқылы дамытуды көздеуде. Ендігі мемлекеттің мақсаты – кез келген жерде, кез келген уақытта мемлекеттік қызметті жүзеге асыруды қолжетімдігін арттыруды әрі қарай дамытады.

Дания мемлекеті заман талабына сай болу үшін «болашақ гүлдену үшін цифрлық жол» программасы жақында енгізілгенімен де көш бастаушы мемлекеттерден қалыспайды. Мемлекет пен халық арасындағы үкімет қарым-қатынасты жақсарту мақсатында, жаһандану заманына сай болу үшін, сот өндірісін жеңілдетуде қосқан үлесі мол.

Ал Швецияда азаматтар мен үкіметті тығыз байланыстыру үшін электрондық порталда азаматтардың ақпараттық даму процесіне баға беруі, үкімет жұмысын сол арқылы жеңілдету, азаматтардың бақылау жүргізуіне, қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында электрондық қызмет жүзеге асады. Онда мемлекет шығынының мөлшері, ақпараттық жүйенің мазмұны мен дамуы, ақпаратпен қамтамасыз ететін агенттіктер құрылған. Ақпараттың қандай да құнын үкімет қадағалап отырады.

Ең алғашқы электрондық үкімет құру идеясы Сингапур елінде еді. Ол 1981 жылдан бастап мемлекетті компьютерлеуді жүзеге асыра бастады. Ұлттық компьютер бойынша кеңес және

Ұлттық компьютерлеу жоспарын жасаған болатын. Жоспар бойынша жергілікті IT-индустриясын жетілдіру, IT кадрлар базасын дамыту, азаматтық жоспарлы компьютерленген қызмет және 850 IT мамандандыру негізінде жасалды.

Сингапур бұл жолда бірнеше проблемаларға ұшырады: күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникативті технологиясын жүзеге асыруда төмен деңгей көрсеткіші, жаңа жұмыстың қағидаларына шенеуніктердің қызығушылық танытпауы, билік органымен ақпараттық-коммуникативті технология жұмысын қарапайым халықтың түсіне алмауы.

Луи Так Ю, ақпарат және коммуникация министрі, электронды үкіметті жандандрудың кілті болып ортақтандыруда деп есептеді [1]. Яғни Сингапурда барлық ақпараттық ведомствоға жауап беретін мемлекеттік технологиялық саясатының бірыңғай орталығының әрекет етуі. Ал Қазақстанда соңғы 5 жылдықта бұл мәселе қозғала бастады.

Біраз жыл бұрын негізгі байланыс құралы телефон болды, сот отырысында хатшыны іздеген, судьяны күткен, мұрағатқа бару қиын және кеңсеге кіру үшін ұзақ кезекте тұрған адамдар толып кететін.

Ал қазір бірыңғай ақпарат ресурсын сот кеңсесін сот органдарының интернет-порталы ауыстырды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел судьяларының VI съезінде: «Барлық құқық қорғау органдары ішінен ең жоғары тұрғаны – Жоғарғы Сот. Жоғарғы Соттың абыройы – Қазақстанның абыройы, жалпы биліктің абыройы. Біз «Қазақстан – 2050» стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет» екенін атап өтті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында сот жүйесін ақпараттандырудың жалпы мәселелерін құқықтық-нормативтік базасы:

- Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы;

- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне "электрондық үкіметті" дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 337-IV Заңы;

- «Қазақстан - 2050» Стратегиясы;

- «Ақпаратты Қазақстан – 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ;

- «Қазақстан жолы – 2050»;

Қазақстан Республикасының құқық қорғау және сот төрелігінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы және т.б.

Азаматтық процесілік кодексінде (149-3,150,151,254,257,257-1,258,258-1,263,272,274-1,278,286, т.б.баптар) азаматтық істер бойынша электронды жүзеге асырулар көзделген.

Қазақстан Республикасында сот жүйесі саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту мақсаты: клиентпен өзара қатынастарды басқару жүйелерінің принциптерін іске асыру, рәсімдерді жеңілдету, судьялардың біліктілігін арттыру есебінен сот жүйесінің жұмыс істеу сапасын арттыру.

Бұл мақсаттарға келесідей міндеттерді орындау арқылы қол жеткізуге болады:

- Азаматтарды заңға қайшы және әділетсіз әрекеттерден қорғау;

- Мемлекеттер, азаматтар, заңды тұлғалар тарапынан сот өндірісіне шығындарды азайту;

- Халықты ақпараттық және консультациялық қолдау;

- Заңда қателерді азайту;

- Сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімдігі;

- Құжаттар мен рәсімдерді стандарттау;

- Істі бастаудан шешім қабылдауға дейін толығымен қағазсыз құжат айналымға көшу (құқық қорғау және өзге органдарда);

- Процестерді қолдау мүмкіндіктері және қолданыстағы технологияларға сонымен қатар қауіптерге сәйкес келуді қамтамасыз ету үшін сот жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын тұрақты негізде дамытуды қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта Қазақстан сот органдарын техникалық құралдармен, байланыс арналарымен қамтамасыз ету, локальды есептеу желілері, құжат айналымы мен сот ісін жүргізудің ведомстволық ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі құрылды.

Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің негізгі міндеттері мыналар:

- Қазақстан Республикасының соттары мен сот өндірісі туралы мәліметтерді қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету;

- Түрлі деңгейдегі соттар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің және оның аумақтық органдарының арасында ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

- Талап сотқа түскен сәттен бастап сот шешімі шығарылып, ол заңды күшіне енгеннен кейін орындауға берілгеніне дейін, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі соттар жұмысын толық есепке алу;

- Арыздарды, істерді, шағымдарды қарау, сот актілерін жазу және табыс ету мерзімдері және басқа мәселелер бойынша сот кеңселері мен судьялардың жұмысына сот жүйесінің түрлі деңгейлерінде бақылау;

- Бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылар судьяларының сот төрелігін жүзеге асыру сапасын есепке алу;

- Республиканың бүкіл сот жүйесінде электрондық құжат айналымының толық циклын ұйымдастыру (құжатты дайындау, қолбелгі қою, пысықтау, құжатқа қол қою, сот жүйесінің басқа органына жіберу);

- Республика соттары шығарған деректер банкіне қол жеткізуді ұйымдастыру, ҚР Жоғарғы Сотының интернет-ресурсы арқылы;

- мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылдың қағазсыз технологияларына көшу [2].

Қазақстан Республикасында электронды сот өндірісін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысына (30.12.2011 жылғы өзгерістерімен және толықтырулармен бірге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік қаулы қабылдады. Жаңа технологиялардың енгізілуі сот өндірісіндегі шығын мен уақытты оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда сот құжаттарының бірыңғай терезесіне кіруге азаматтарға мүмкіндік беретін «Сот кабинеті» секілді жобалар енгізіліп, «Сот құжаттарымен танысу» қызметі іске қосылды.

Сонымен қатар, сот процестерінің дыбыс және бейне жазбаларымен танысып, гибриді электронды поштаға қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Бір жылдың ішінде сот процесі қатысушыларына 3 млн-нан астам СМС хабарлама мен электронды хат жөнелтілген. Бұл бюджеттік 128 млн теңгесін үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Осылайша, «Сот кабинеті» сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның (заңды тұлға өкілінің) төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының (түбіртек, төлем тапсырмасы және т.б.) сканерден өткен көшірмесін қоса беру мүмкіндігі артты.

Сонымен қатар, Азаматтық іс жүргізу кодексіне енетін өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес «Сот кабинеті» сервисін одан әрі дамыту нәтижесінде арыз-шағымдар мен өтініштерді беру, сот процесінің аудио және бейнежазбасын қарауға, істерді іздестіруге және т.б. мүмкіндіктер жасау жоспарланған.

Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың, жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа талап арызбен жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына немесе электронды поштасына оның арызы бойынша сот құжатының шыққаны және онымен интернет арқылы таныса алатындығы жөнінде SMS-хабарлама жіберіледі. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді.

Сот жүйесіне заманауи технологиялардың енгізілуі мен қолданылуы сот өндірісін жеңілдету, бюрократиялық кедергілерді жою, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен тікелей байланысын азайту жолымен сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығын төмендетуге септігін тигізеді және еліміздің тұрғындары үшін сот жүйесінің ашық әрі қолжетімді болуына барынша мүмкіндік туғызады [3].

Бүгінде азаматтар электронды цифрлық қолтаңба көмегімен мемлекеттік органдардың виртуалды қабылдауларына өтініш жіберіп, анықтама алады, тіркеуін ауыстырады, түрлі қызметтер мен рұқсаттамаларды алуға тапсырыс береді.

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлық колтаңбасы бар республиканың кез келген азаматы тұтына алады.

Соңғы жылдар ішінде бірқатар елдердің сот төрелігін жүзеге асырушы органдары азаматтар мен ұжымдардың құқығын қорғау тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында дыбыс жазбалар, телефон және бейнеконференцбайланысын және жаһандық ақпараттық интернет желісі мүмкіндіктерін пайдалана бастады. Қазақстанда бүгінгі күні бұл бағытта көп жұмыс жүзеге асты. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қорына «Электрондық сот төрелігі» жүйесі енгізілді [4]. Қазақстандықтар осы жүйе арқылы сотқа өз талаптарын электрондық тәртіппен бере алады, сот хаттамасына ескерту айту мүмкіндігіне ие болып, сот хаттамасының электрондық нұсқасын беру туралы өтініштерін жібере алады. Бүгінде кез келген адам, үйінен шықпай-ақ немесе жұмыс үстелінен ұзамастан интернет желісі арқылы сот актісімен танысып, оның тұжырымы мен негіздемесін анықтай алады. Барлық сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ресми интернет-қорынан табуға болады. Бейнеконференцбайланыс сотталушыны сот процесіне алып келгізбей-ақ сот процестерін өткізуді және де өзге аймақтарда тұратын іске қатысы бар куәлардан еш кедергісіз жауап алуды қамтамасыз етеді. Бейнебайланыс Жоғарғы соттың жалпы отырысын, республикалық жиналыстар мен мәслихаттар өткізу барысында кеңінен қолданылып, бұл шараларға барша судьялар мен сот қызметкерлерінің бір уақытта қатысуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы сот осы бейнеконференц-байланыс арқылы жергілікті соттардың судьялары мен сот қызметкерлерін қашықтықтан оқыту және Жоғарғы сот төрағасының азаматтарды қабылдауын жүзеге асыруда. Бұл апелляциялық және кассациялық сот сатылары кейбір аудандардан жүздеген шақырым қашықтықта орналасқан Қазақстан соттары үшін өте маңызды.

Азаматтық істер бойынша электрондық сот төрелігінің элементтерін қолданудың болуы мүмкін төмендегідей артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетуге болады.

Артықшылығы:

- пошталық шығыстарды үнемдеу, сот процесінде адами фактордың рөлін төмендету, оның тиімділігін арттыруың өркениетті әлемде қабылданған стандарттарға қосылу мүмкіндігі;
- сот кеңесіне құжаттар тапсыру үшін жүздеген шақырым жерлерге бірнеше рет жүруге мәжбүр процесс қатысушылары үшін соттық рәсімдердің ыңғайлылығы;
- сот жүйесінің жұмысын жақсы ұйымдастыру мен басқару деңгейін көтереді;
- ақпараттық ашықтық пен жариялылық деңгейін көтереді;
- құжат айналымын жылдамдату және сотқа қол жетімділікті жеңілдетеді;
- қаралатын істер санын көбейтеді, істер қарау мерзімін қысқартады.

Кемшілігі:

- аға буын үшін қол жетімсіздік;
- сот шешімінде құпия бұзуға қатысты мәселелер туындайды;
- жүйеге бөтен адамдардың енуі, ақпаратты бұрмалау, оны жалған түрінде алу тәуекелі бар;
- сот отырысын өткізуге кедергі келтіретін техникалық ақаулардың болуы мүмкіндігі.

Нақты істерге көше отырып, бірінші кезекте, жоғарыда айтып өткеніздей, соттарға құжат айналымы мен сот өндірісі процестерін толықтай автоматтандыруға мүмкіндік беретін «ТӨРЕЛІК» жүйесін толық енгізуге қол жеткізетін боламыз.

Екіншіден, барлық смартфон пайдаланушылар үшін ұялы нұсқасын жасай отырып, «Сот кабинеті» сервисін портал деңгейіне көтеру қажет.

Үшіншіден, бұл сот төрелігін түзету, денсаулық сақтау мекемелеріне қашықтан жөнелтуге арналған бейнеконференция байланысының кешенді жүйесін ұйымдастыру.

Сыртқы әсер ету қаупіне қатысты айтсақ, кез келген жүйе көбірек компьютерленген сайын, хакерлік шабуылдар мен техникалық ақаулардың орын алу қаупі де жоғары болады деген жалпы ереженің барына келісеміз. Сондықтан сот органдарының IT-құрылымдарын ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету ісі, біз үшін басты мәселенің бірі болады. Бұдан өзге, біз 2020 жылға дейін сот жүйесіндегі Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың ғаламдық стратегиясын әзірлеудеміз.

Сот шешімдерінің бұрмалануы мүмкіндігіне қатысты, бұл іс жүзінде мүмкін емес нәрсе, тіпті сондай жағдай орын алғанның өзінде, жұмыс істеп тұрған қадағалау және қауіпсіздік жүйелері арқылы жылдам анықталар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сингапурдың электронды үкіметі // http://elgov.ucoz.ru/index/ehlektronnoe_pravitelstvo_v_singapore/0-17
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы міндетін атқарушының 2014 жылғы «28» шілдедегі № 165 өкімімен бекітілген ҚР сот жүйесін 2020 жылға дейін ақпараттандыру тұжырымдамасы // <http://sud.gov.kz>
3. Брановицкий К.Л. Информационные технологии в гражданском процессе Германии (сравнительно-правовой анализ): Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Екатеринбург, 2009. - 28 с.
4. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕЭЛТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Залимбаева И.В., м.ю.н., преподаватель кафедры гражданского и трудового права,
КарГУ имени академика Е.А. Букетова*

Рынок недвижимости занимает одно из ведущих мест по количеству предложений, как продажи, так и покупки. Риэлтор – это специалист, который выступает в роли посредника между собственником объекта и человеком, желающим данный объект купить. Он полностью сопровождает покупателя на всех этапах сделки.

Актуальность данной темы обуславливается тем, что рынок риэлторских услуг и уровень его развития характеризуют степень совершенства национальной экономики. В казахстанских условиях формирование этого рынка рассматривается как один из основных факторов перехода к рыночной экономике, стимулирующий другие сферы народного хозяйства. Быстрая приватизация создала в короткие сроки значительный слой собственников, активно включившихся в рыночные отношения. Казахстанский рынок недвижимости после бурного старта в настоящее время принимает всё более цивилизованные и организованные формы. Деятели риэлторского рынка активно перенимают зарубежный опыт работы в сфере недвижимости. Это относится не только к профессиональным риэлторам, но и к любым предприятиям и всем гражданам, которые учатся эффективно распоряжаться собственной недвижимостью, осуществляя залоговые операции, куплю-продажу, дарение и другое.

Риэлторские услуги охватывают всю сферу недвижимости. Потребителями риэлторских услуг выступают как физические лица (граждане), так и юридические лица.

История данной профессии уходит в Древнюю Грецию. Именно здесь впервые появились земельные частные владения и их продажа. Их отмечали табличками, вбитыми в землю с надписью «Ипотека». Определять собственность начали из-за долговых обязательств. Собственно так и появились границы участков. Далее люди перешли к публичным торгам, а в последствие появились первые риэлторы. В более современном обществе изначально слово «риэлтор» ассоциировалось с биржевыми брокерами, которые выступали в той же роли, только между компаниями и владельцами акций. Они так же зарабатывали, только проценты от сделок на ценных бумагах. Современное понятие «риэлтора» уже ассоциируется исключительно с рынком недвижимости [1, 304].

В наши дни все мы знаем агентов по недвижимости, которые сопровождают нас на протяжении всех операций с квартирами, домами и офисами. Они проверяют документацию, проводят презентации и поиск объектов недвижимости, которые могут удовлетворить наши запросы. Риэлторы – универсальные работники, которые помогут продать даже самые нерентабельные строения.

Профессия риэлтора – довольно молодая в нашем государстве и пребывает на стадии развития.

Риэлторская деятельность - это профессиональная деятельность по оказанию услуг при совершении операций с объектами недвижимого имущества за определенное вознаграждение, которая осуществляется на постоянной основе. Риэлторской деятельностью также признается другая коммерческая профессиональная деятельность на рынке недвижимого имущества.